



**Автор:** Мырзағали Перизат Сәкенқызы  
**Пән:** Қазақ тілі (Т1)  
**Сынып:** 5-сынып  
**Бөлім:** Көлік және жол белгілері  
**Тақырып:** Жол белгілерін білеміз бе? Сын есім

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды.
Сабақтың мақсаты:	Сын есімнің ерекшеліктерін түсінеді
Тілдік мақсаттар:	диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер, қызыл шеңбер, қызыл үшбұрыш, тыйым салады.
Күтілетін нәтиже:	Негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды.
Бағалау критерийлері:	Таңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.
Құндылықтарды дарыту:	
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Өзін - өзі тану
Бастапқы білім:	Қиял мен шындық бірлігі

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (15)	1. Оқушылармен амандасу 2. Оқушыларды түгендеу 3. Психологиялық ахуал туғызу. Бағдарлам түстері бойынша өзінің бойындағы қасиеттерін атау. Қызыл – өзінің бойындағы жағымсыз қасиеттері Сары – өзінің бойынан өзгертікі келетін қасиеттері Жасыл – өзінің бойындағы жақсы қасиеттері «Кинометафора» әдісі А) Бейнебаянның басы көрсетіледі - бейнебаян не туралы деп ойлайсыңдар? Ә) Бейнебаянның ортасы көрсетіледі - Қожанасыр не істейді деп ойлайсыңдар? Б) Бейнебаянның соңы көрсетіледі - Қожанасыр көшеден қалай өтті? - оның таңдаған жолы дұрыс па? Ендеше, балалар, бүгін сабақтың тақырыбы не туралы деп ойлайсыңдар? Жол белгілері туралы бейне ролик көрсетіледі. Қолдану Ұжымдық тапсырма Суретпен жұмыс Балаға үйден мектепке дейінгі ең қысқа жолды табуға көмектес. Оны қызыл сызықпен белгіле. Ал, енді ең қауіпсіз жолды тап. Оны жасыл сызықпен белгіле. (Қызыл сызықпен белгіленген жол қысқа болғанымен қауіпті, себебі жаяу жүргіншіге арналған жол белгілері жоқ) Сын есім видеоролик	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (15)	<p>Сын есімге байланысты видеоролик көрсетіледі. Сын есім деп заттың сапасын, сипатын, қасиетін, көлемін, салмағын, түсін (түр-реңін), дәмін және басқа сол сияқты сыр-сипаттарын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табын айтамыз. Кітаппен жұмыс Қолдану 8-тапсырма «Жол белгілері» мәтінінен сын есімдерді тауып, оларға сұрақ қой. Қауіпті, қызыл, ақ, тең қабырғалы, сырт, жіңішкерген, әртүрлі, дөңгелек, көк, тік төртбұрыш, қалың көк. Деңгейлік тапсырмалар Талдау С деңгей. Мына сөздердіңішінен сын есімді тіркестердің астын сыз. Қызыл алма, бара жатыр, сабақоқыды, әдемі көйлек, ақылды оқушы, жүгіріп жүр, кітап оқыды, үлкенсөмке, , өнерлі бала, ыдыс- аяқ, ата-ана, таза үй, Асан жүгірді, дөңгелекүстел, айтып отыр, қара қарындаш. В деңгей. Сын есімді тіркестерденсөйлем құра А деңгей.Сын есімді қатыстырып,өздерің жақсы білетін жолбелгісін сипаттап,шағын мәтін жазыңдар</p> <p>. Сергіту сәті Броундық қозғалыс Берілген сынып бөлмесінің картасынан жасырылған мақалдың жалғасын табу. Сол мақал жасырынған жерге түрлі тапсырмаларды орындап жетуі керек және мақалдың ішінен сын есімдерді табу. Асыққан жолаушы атына теріс мінеді. Түйелі жолаушы – киелі жолаушы. Қырсыққан жігіт мал таппас, Адасқан жігіт жол таппас. «Жол белгілерін білесің бе?» лото ойыны Жол белгісінің аты жазылған қағазды сәйкес суретке қояды. Сөздердің атын 3 тілде жазады.</p>	
Сабақтың соңы (8)	<p>Оқушылар берілген жағдаяттарға «ыстық орындыққа» отырып жауап береді. Жолдың бойында кішкентай балалар ойнап жүр. Сен сабаққа асығып бара жатырсың. Сенің әрекетің қандай? Сен ауылдық жерде тұрасың, ол жақта ешқандай жол белгісі де бағдаршам да жоқ. Сен жолдан өту үшін не істейсің? Сен жолдан келе жатырсың. Кенет сен мінгелі тұрған автобус жолдың қарсы бетіндегі аялдамаға келіп тоқтады. Бағдаршымның қызыл түсі жанып тұр. Сен не істейсің? Сен киноға досыңмен асығып бара жатырсың, досыңның құлағында құлаққап . Жаяу жүргіншілер өтпесінен жүгіріп өтпекші. Сен не істер едің? Сен жолдан өтуге жақындағанда бағдаршамның жасыл түсі жыпылықтап тұрды, яғни, қызыл түс жанғалы тұр. Сенің жаныңда балалар жолдан өткелі жатыр. Сенің әркетің? Сен жолдан өтіп бара жатқанда саған біреу айқайласа не істеу керек?</p>	
Рефлексия (2)	сабақта алған әсерлерін жазады	